




Әлемді тербеткен -
АНА



*Жетпейді жинасамда бар асылды,
Дәл өзіңдей көрмеппін жанашырды.
Ұл – қызына қашанда қамқор болған
Бір Алла сақтай көрші анашымды...*



*Ардақты ана, аяулы ана,
қымбаттым,
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн
қаттың
Өміріме нәрін берді ақ сүтің,
Кең құшағың аясындай гүл бақтың.
Ер жеткізіп елге берген баласын,
Ақылдысың, ардақтысың, данасың!
Қарайтыным қас-қабағың бір сенің,
Қайратыңнан қайта көрме, анашым*



*Ана деген – асыл жандар болаттай
Ана деген – мөлдір жандар бұлақтай
О, адамдар, қадірлей біл ананы
Жат қылыққа ақыл-ойды тонатпай
Ана десем сезім билер тым ыстық
Жарасымды адамдарға туыстық
Берсе барлық адамға ана мейірін
Орнар еді бар әлемге тыныштық*





*Дүниедегі ең ардақты асыл жан
Анам менің мәпелеген жасымнан
Мен қуансам қуанады ол бірге
Мен қиналсам табылады қасымнан
Маған қымбат жан жоқ сірә анадан
Бар жақсылық аналардан тараған
Жер бетіне өмір нәрін себуші
Ана алдында борышты ғой бар адам*

*Ана тұрса құшаққа алып баласын
Бақыт, шаттық белгісіндей жарасым
Қабағыңды кірбің шалмай өмірде
Қуанышқа кенеле бер, анашым
Мен ананы шуағы мол күн деймін
Анадан зор құдіретті білмеймін
Анам ылғи қамқор болып жүреді
Сондықтан да жылда түлеп гүлдеймін*



*Асыл анам – алтын жан, асқар
тауым*

*Арайланып алдымнан атқан
таңым*

Әлпештедің, әлдилеп аяладың

*Әр кеш мені – ән-күйім, сая
бағым*

*Гүлім болып көгімде сен
көрінген*

*Күнім болып көгімде сен
көрінген*

*Ақын ең сен – әр таңға асық
жаның*

*Алыс кетсем – аңсаймын,
сағынамын*



*Төгілген маған мейірің – бейне шуағың
Сарқылмас мәңгі ән салған бастау
бұлағың*

*Жасашы, ана, жасашы – менің тілерім
Қанатын қомдап ұшса да биік ұланың
Анашым, сенсің мәңгілік менің тірегім
Мен үшін пана нұрлы әлем сыйған
жүрегің*

*Еңбегіңді ақтап, аялап өтсем тек сені
Болмас-ты басқа перзенттік менің
тілегім*



***ӨМІРІН ӨНЕРМЕНЕН
ҰШТАСТЫРҒАН,
ЕЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІН БИІК ҚОЙҒАН.
АЙНАЛДЫМ АҚ САМАЙЛЫ
АНАЛАРДАН,
ӨЗДЕРІҢ ӨМІРДЕГІ АСЫЛЫМ ДА
АРДАҒЫМ ДА.
КЕЛЕШЕК АНАЛАРҒА ҮЛГІ БОЛЫП,
МӘНГІГЕ САҚТАЛАДЫ ЕЛ ЕСІНДЕ!***



The background of the image is a soft, warm-toned collage of pink cherry blossoms. The flowers are in various stages of bloom, with some showing detailed petals and stamens. Interspersed among the flowers are numerous small, shimmering gold glitter particles, creating a festive and elegant atmosphere. The overall color palette is dominated by shades of pink, from light blush to deeper magenta, with the gold providing a contrasting highlight.

***Айналайын адамдар,
Барлығыңның анаң бар.
Қайғыға салмай жүрегін,
Анаға дұрыс қараңдар!***

Анама арнаған ашық хатым





МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН!!!